

**Ж. Б. Момынкұлов**

## 2011 ЖЫЛҒЫ АРАБ КӨТЕРІЛІСТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ТҮРКИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

2010-2011 жылдары Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде болған саяси оқиғалардың араб аймағына, Түркия Республикасына, оның ішкі де сыртқы саясатына, ғылыми-қоғам ойына ықпалы зор болды. Бұл мақаламызда «Араб көктемі» немесе «Араб көтерілістері» деген атпен белгілі тарихи құбылысқа қатысты Түркияның көзқарасын, шетелдің интеллектуалдық орталарының пікірлерін қорыта отырып, Түркияның аталмыш оқиғаларға қатысын, Түркияның сол қоғам-саяси өзгерістердегі орнын және олардан алған әсерін қарастырдық.

Лондонда жарияланатын арабтілді «Әл-Хаят» атты басылымның бас хатшысы Гассан Шербиль Түркияның бүкіл араб елдері үшін демократиялық үлгі немесе модель бола алатындығын алға тартады. Яғни, бұл араб елдеріне қарағанда демократиялық қоғамды құру бағытында әлдеқайда көш ілгері саналатын Түркия бүкіл араб мемлекеттері үшін демократияның үлгісі бола алады дегенге саяды.

Г. Шербиль Түркияның Араб көктемінен сескенбейтінін, билікті өзгертуге деген халықтың ұмтылыстарын қолдайтынын жазды. Түркия ел-басшысы А. Гүл араб қоғамдарының «Халық билікті төңкергісі келеді!» деген ұранының мәнінің дұрыс екендігін ашық білдіріп, бұл тұрғыда Түркия демократиялық ел болғандықтан бұл оқиғалардың қоғамда емін-еркін талқылануына жол берілуі керектігін мойындады. А. Гүлдің ойынша, халыққа өзгерістер керек болған жағдайда демократиялық жолдармен, яғни дауыс беру арқылы бұл мәселені түбегейлі шешуге әрдайым мүмкіндік бар.

Араб елдерінде халықтың талаптарын елеп ескермеу, адам құқықтарын аяқасты ету және халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге асықпау жастарды көшеге шығуға итермеледі. Араб көктемі деген атпен белгілі бұл оқиғалардың сыртқы себептері элеуметтік-экономикалық болып көрінгенмен, түпкі себебі саяси дағдарыста жатыр. Яғни, араб билеушілерінің қартайғандығы, араб диктаторлық жүйелерінің ескіргендігі және моральдық тұрғыдан «азып-тозғандығы», қоғамның саяси санасының өскендігі, жалпы адамзаттық демократиялық құндылықтардың араб сахарасына да дендеп енуі, ислам діні араб қоғамының санасында нық орныққандықтан әділеттілік сезімінің күштілігі, қоғам емес

ұйымдардың үлесі, исламшыл топтардың ықпалы нәтижеде бірігіп халықтың үлкен наразылығына келіп ұласты.

Жоғарыда есімі аталған араб интеллектуалының ойынша, мысалы, ешбір араб мемлекеті Иранға жүгініп, оның демократиялық үлгісіне қызығушылық танытып жатқан жоқ. Демек, Түркия аймақтағы ең дұрыс саяси бағыт ұстанған, өзге мұсылман елдерін тыңдата білетін маңызды демократияшыл және саяси ойыншыға айналып отыр. Түркия премьер-министрінің жуырда бірсыпыра араб елдерін аралап шығуы, Израильге қыр көрсетуі, жалпы мұсылман әлемі үшін жауапкершілікті алуға деген ұмтылысы орта ғасырлардағы Осман мемлекетінің үстем саясатының сарқыншағы немесе бір ұшқыны ретінде түсінілуі тиіс. Қысқасы, Түркияның дүниежүзіне болмаса да, мұсылман әлеміне айтар салмақты сөзі бар.

Алдағы жылдарда Таяу Шығыста Түркия мен Иранның ықпалы артатын болады. Мичиган Штаты университетінің оқытушысы Мухаммед Айубтың «Араб әлеміндегі демократиялық толқынның арғы жағы: Түркия мен Иранның Таяу Шығыстағы келешек ықпалы» атты еңбегінде араб елдерінде болған немесе болып жатқан төңкерістердің Түркия және Иран сияқты «жұмсақ күштердің» ықпалын арттыратынын жазады.

Стамбул қалалық университетінің ректоры, халықаралық қатынастар маманы, доктор, профессор Гөкхан Четинкаяның пікірінше, екі жүз жыл бойы Таяу Шығысты билеуді мақсат тұтып келген Еуропаның бұл жолғы жоспарлары ғаламдану мен Түркияның «жұмсақ күші» себепті іске аспайды. Араб елдерінде болып жатқан оқиғалардың тарихи тұрғыдан алғандағы маңызы қаншалықты деген сұраққа жауап іздеп көрейік [1, 4-б.].

Жоғарыдағы сұраққа жауап беру үшін Таяу Шығыстың тарихына қысқаша үңілу қажет. Батыс Таяу Шығысты жаулап алу ниетімен бірнеше мәрте аймаққа баса көктеп кірмекші болды. 11-12 ғасырларда түркілер мен мамлүктер крест жорықтарын тоқтатып аймақты «дінсіз» басқыншылардан аман алып қалды. 18 ғасырда Наполеонның Мысырды жаулап алуымен Таяу Шығыстың тарихи тағдыры өзгерді, «Үлкен Шығыс мәселесі» туды. Соңғы екі жүз жылда стратегиялық және экономикалық есептері

бар Еуропа араб аймағын бағындыру идеясынан бас тарта алмай келді. Бұл тенденция мұнай қорларының табылуымен тек күшейе түсті.

Жалпы, айта кету керек, мұсылман шығысында батыс империализмі жаулай алмаған үш мемлекет бар: Түркия, Иран және Ауғанстан. Бұл елдерді ешқашан ешбір отаршыл күштер толық басып ала алмаған. Америкалықтар колония, отар сөздерін ұнатпағандықтан оның орнына «мандат» деген алдамшы сөз ойлап тапты. 1922 жылы Түркия мен Ираннан басқа барлық шығыс елдері батыстың отарына айналды. Екінші дүниежүзілік соғыстан экономикалық тұрғыда шаршаған Еуропа елдері бірте-бірте Таяу Шығыстағы отарларынан айырыла бастады. Еуропалық отаршылар араб елдерінің тәуелсіздігін мойындау кезінде өздеріне берілген және «көнбіс мінезді» жергілікті басшылар мен билеушілерді қалдырып кетті. Түрік елі отаршыл басқыншыларға төтеп беріп, олардың Шығысқа қарай жылжуын біржолата тоқтатып, батыстың саяси жоспарын бұзды [2,2-б.].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мұсылман елдерінің билік басына төңкеріс жолымен жас офицерлер келе бастады. Мысырда 1952 жылы, Либияда 1969 жылы «еркін офицерлер» билігі орнай бастады. Олар отарлаушыларға жастайынан өштесіп өскен ұрпақ еді.

Жас офицерлер тәуелсіздікті, экономиканың мемлекеттік басқарылуын, елдің байлығын мемлекеттендіруді, отарлаушылар тарапынан бөлінген араб әлемін біріктіруді қалаған жастар еді. Жалпы, Мысырдың араб әлеміндегі көшбасшы рөлін ерекше атап өткен жөн. Бұл тарихи кезеңде билеушілер саясатта сол кезде үлкен қолдауға ие болған араб ұлтшылдығына сүйенді.

1956, 1967, 1973 жылғы Израиль-араб соғыстарының нәтижесінде араб елдері экономикалық-әскери тұрғыдан әлсіреп, Израильден жеңілгенін бейресми және моральдық жағынан мойындады. Араб елдері билеушілерінің билігі диктаторлық сипат ала бастады. Билік өз беделін жоғалтқаннан кейін араб қоғамында исламшылдық жайыла бастады. Араб социализмінен көңілі қалған, социалистік идеологияның Батыс елдерінен экономикалық тұрғыдан жеңілгенін түсінген араб халқының жалғыз үміті ислам еді. Халықтың қолдауынан айырылған араб билеушілері диктаторлыққа қарай бет алып, Кеңес Одағына жақындай бастады. Немесе бұрын социалистік бағыт ұстанған араб елдері АҚШ-пенынтымақтаса бастады. Қырғи қабақ соғысы аяқталғаннан кейін 1950 жылдары құрылған саяси режимдер толығымен Американың ырқына көне бастады. Араб елдері Таяу шығыс аймағында Американың

мүдделерін ескеруге, Израильмен «тату-тәтті» болуға бейресми уәде берді. Оның есесіне Батыс елдері билік басындағы автократиялық режимдерді қолдауға жасырын уәде берді. Аталмыш бейресми уағдаластық режимдердің ұзақ уақыт бойы билік басында қалуының себебі, міне, осы.

Ғаламдандудың күшеюімен, байланысу мен қатынасу мүмкіндіктерінің артуымен жоғарыда аталған Батыс елдері мен автократиялық жүйелер арасындағы жасырын уағдаластық бұзылды. Жаһандандудың экономикалық, саяси, әлеуметтік, коммуникациялық нәтижелерінде жергілікті қоғамның саяси тұрғыдан «көзі ашылды», сананың «либералдануы» орын алды. Қалай десек те, араб аймағы алда АҚШ пен Батыс Еуропаның жіті қадағалауында және қырағы бақылауында болатыны сөзсіз.

Араб елдерінде соңғы 20-30 жыл ішінде талай дағдарыстар, соғыстар, жарылыстар, қақтығыстар орын алды. Таяу Шығыста қазір болып жатқан уақиғалардың маңыздылығы мен қауіптілігі жағынан оған дейінгі оқиғалардан артық болмаса кем емес. Араб аймағында дәл осындай ауқымдағы және сипаттағы қоғамы көтерілістер қазірге дейін орын алмаған-ды. Десек те, араб халқының күрескерлігін, өжеттігін және әділетшілдігін атап өтпеуге болмайды. Бұл саяси мәні бар оқиғалардың бір ерекшелігі олардың уақытша еместігі, келешекке бағытталғандығы және түбегейлігі.

Араб аймағының қазіргі жағдайы ауыр: экономика әлсіреген, халықтың экономикалық-психологиялық ахуалы мүшкіл, саяси дағдарыс, әлеуметтің толастамай жатқан наразылығы, ереуілдердің қанды қақтығыстар мен діни сипаттағы жанжалдарға ұласып жатқандығы және т.б.

Араб елдеріндегі өзгерістердің тосындығы мен жаңалығы – мәселенің шешілуіне кедергі келтіріп отырған бірден бір фактор. Аймақ өзінің экономикалық дамуында бірнеше жылға артқа шегінуі мүмкін. Алайда мәселеге саяси либералдану, демократиялану жағынан жақындасақ, аймақта күрделі идеологиялық дамулар орын алып отыр. Кедейлік, маргинализация, институционалдық құрылымдардың әлсіздігі, демографиялық фактор, білім деңгейінің сапасыздығы мен заманға сай еместігі және жұмыссыздық жергілікті халықтың жағдайын қиындатып отыр.

Негізінде, араб әлемі өте маңызды тарихи кезеңге аяқ басып отыр. Бірақ ол кезеңде қандай жағымды өзгерістердің болатынын немесе қандай қауіп-қатерлердің күтіп тұрғанын

алдын ала болжап айту қиын. Сонымен қатар араб елдеріндегі саяси оқиғалардың аймақтағы және дүниежүзіндегі процестерге қаншалықты әсер ете алатындығын және қанша уақытқа созылатындығын да кесіп айту мүмкін емес. Әзірше, бұл араб төңкерістері діни қақтығыстар сияқты жанама жағымсыз әсерлерді туғызып отыр. Таяу Шығыс аймағының географиялық орналасуының маңыздылығымен қатар басты ерекшелігі жарылғыш әлеуетке ие әртүрлі діни, этникалық, мәдени, саяси факторлардың түйіскен жері болғандықтан ғаламат стратегиялық қуат шоғырланған аймақ болуында жатыр.

Таяу Шығыс аймағы геосаяси күштердің мүдделері тоғысқан жер, орасан зор табиғи байлыққа ие аймақ, қару-жарақ саудасының орталығы, халықаралық ірі монополистер ең көп пайда табатын нарық болып табылады. Араб көтерілістерінде АҚШ-тың да үлесі болды. Таяу Шығысты қайта құрылымдау идеясы («Үлкен Таяу Шығыс жобасы») алдыңғы жоспарға шығып отыр. Бұл жеке зерттеуді қажет ететін тақырып.

Араб қоғамы биологиялық тұрғыдан жас болып табылады: жасы он бестен кішілердің үлес салмағы 33 пайызды құрайды. Бұл орташа есеппен жетпіс-сексен миллион бала деген сөз. Мысыр, Алжир, Марокко, Тунис, Йемен, Судан сияқты елдердегі демографиялық табиғи өсім дүниежүзілік статистикалық көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары. Араб көтерілістерінің бір себебі демографиялық жарылыстың болуы.

Наразылық акциялары көбінесе кедей елдерде орын алғаны рас. Мысалы, Мысырда жан басына шаққандағы кірісі – 2,4 мың доллар, Мароккода – 2,7 мың, Тунисте 3,7 мың деңгейінде тұр. Экономикалық тұрғыдағы кедейлену араб елдеріндегі дағдарыстардың екінші бір себебі.

Араб интеллектуалы Раджих Әл-Хуридің ойынша, Таяу Шығыстағы қайшылықтар мен ішкі соғыстар жарты ғасырға созылуы мүмкін және өзгеріс кезеңі хаосқа апаруы мүмкін. Урейб Әл-Рентавидің пікірінше, христиандықтың отаны араб аймағы христиандықтан тазартылған аймаққа айналуы мүмкін. Иранның діни лидері Аятуллах Али Хаменей араб елдеріндегі баскөтерулерді «Исламның оянуы» деп атады. Махмуд Ахмединаеджадтың ойынша, жуырда АҚШ пен Израильге қатысы жоқ жаңа Таяу Шығыс қалыптасады. Абдуль-бари Атванның ойынша, Таяу Шығыстың тағдыры Каирда шешіледі [3, 4-б.].

Келешекте мұнайдан басқа бір қуат көзі табылмайынша аймақтағы соғыстар жалғаса бермекші. Себебі дамыған елдердің барлығы аймақтың мұнайына көз тігіп отыр. Алдымен,

Тунис пен Мысырда, кейінірек Йемен, Бахрейн, Либия, Сирияда болған халық көтерілістері немен аяқталады? Біздіңше, бұл көтерілістердің дүниежүзілік тарих, адамзаттың дамуы үшін өте маңызы әсері бар. Себебі талай жылдар бойы әділетсіз режимдерге төзіп, жан-айқайын билікке жеткізе алмаған қарапайым халықтың талап еткені байлық емес болатын, керісінше, әділет, еркіндік, теңдік, демократия еді. Демек, аймақ сапалы дамудың жаңа да маңызды кезеңіне аяқ басып отыр.

Араб елдеріндегі оқиғалар өздігінен болды деуге болады: бұл жасанды емес, табиғи құбылыс. Бұл жолы жел «дүниежүзінің жақсы мен жайсандары» жақтан емес, керісінше «дүниежүзінің кедей-кепшіктері» жақтан есіп жатыр. Яғни, жел Батыстан емес, Шығыстан есіп тұр. Бастама солтүстіктен емес, оңтүстіктен шығып отыр. Интеллектуал Славож Зизектің айтқанындай, арабтар өмірлерінде бірінші рет өздерін еркін сезінді.

Көтерілістерді ұйымдастырудағы жұмысшы топтардың үлесін ескермеуге болмайды. Аталмыш елдерде соңғы 20-30 жылда әлеуметтік қайшылықтар күшейді. Әлеуметтік кедейлену, ұлттық табыстардың шетелдік компанияларға тиесілілігі, оппозицияға қысым жасау, күш қолдану исламшыл оппозицияны «зандастырып», күшейте түсті.

«Лө Монд» басылымы көтерілістердің экономикалық-демографиялық себептері туралы жаза келіп: «Оқиғалардың негізгі себебі (ресурстарды) бөлісуге байланысты туған дағдарыс» деген қорытынды жасады. Демек, араб халқы кедей немесе аш болғандықтан ғана бас көтеріп отырған жоқ.

Мэрилэнд университетінің зерттеуіне қарағанда қазіргі Таяу Шығыс аймағындағы ең таңымал саясаткер Р.Т. Ердоған болып тұр. Қазір бүкіл Таяу Шығыс үшін Түркия мұсылман демократиясының түрік үлгісі болса, Иран Батысқа қарсылық көрсетудің рәмізі болып тұр. Аталмыш зерттеулерге қарағанда қазіргі араб қоғамының көздеген үш мақсаты бар: елішілік демократия, Израильдің гегемониялық саясатына қарсылық және АҚШ-тың бейнесіндегі дүниежүзілік гегемонияға қарсылық.

Араб сарапшысы Рами Хуридің ойынша, исламшыл топтарды мазалайтын төрт фактор бар: автократиялық араб режимдері, АҚШ-тың саясатына байланысты аймақта болған соғыстар мен жанжалдардың әсерлері, Израильдің саясатының араб аймағындағы жаңғырығы, АҚШ-тың әскери араласуы. Түркияның «жұмсақ күші» оның ис-

ламшыл саяси жүйесінің заңдастырылуынан және аймақтағы көшбасшылығынан туындайды. Әлбетте, бұл модель барлық араб мемлекеттерінің еліктегісі және қабылдағысы келетін үлгі болып отыр. Түркия премьер-министрінің жуырдағы Израильге қарсы айтқан ойлары Түркияның дүниежүзіндегі және аймақтағы беделін өсіргені белгілі [4,2-6].

Қазір Түркия мен Иран бір-бірімен айтарлықтай жақсы қарым-қатынас жасасуда. Иран Түркияның НАТО-мен және АҚШ-пен ынтымақтасуына көз жұма қарайды. Түркия Иранның ядролық автономиялығын қабылдайды.

Араб елдеріндегі ішкі көтерілістер мен режим ауысулары арабтарды өз проблемаларымен ғана айналысуға мәжбүрлейді. Йемен мен Бахрейндегі оқиғаларға байланысты Сауд Арабиясының беделіне орасан зор нұқсан келеді. Араб әлемінің келесі көшбасшысы Мысыр азаматтық және әскери факторлар арасындағы қатынастарды түзетумен айналысатындықтан тұйықталу саясатына жүгінетін болады. Мысыр елі халық саны, күшті мемлекеттік дәстүрлері және құрылымдық құрылысы, аймақтағы ықпалы жағынан аймақтағы үлкен фактор. Мысырда азаматтық күштер экономика мен саясаттағы әскерилердің ықпалын төмендетуі біраз уақыт алады. Мысалы, Түркияда азаматтық күштердің әскерилерден басым түсуі үшін 50-60 жыл қажет болды. Демек, аймақтық және дүниежүзілік факторларға байланысты Таяу Шығыс аймағында Түркия мен Иран аймақтық лидерлерге айналады деген сөз. Алайда Түркияның аймақтағы лидерлігінің мойындалуы Мысыр, Либия және Сирияның билік басына келешекте кімнің келетініне тікелей байланысты. Мысалы, Түркия басында Ливияға НАТО-ның әскери күш қолдануын жақтамай өз қарсылығын білдірсе де, кейініректе операцияға жанама түрде қатысуға мәжбүр болды.

Таяу Шығыс аймағы дәл қазір «сақырлап қайнап тұр», саяси жағдай ушығып тұр. Бұл оқиғалармен қатар Түркияның да аты жиі-жиі аталуда. Қазіргі кезеңде Түркия Таяу Шығыстағы өз беделін қайта қалпына келтіру үшін тырысып бағуда. Түркия аймақ үшін, мұсылман әлемі үшін жауапкершілікті өз мойнына алғысы келетіндей сыңай танытуда. Түркия саяси және дипломатиялық мағынада араб аймағындағы өзгерістердің қақ ортасында болғысы келеді.

Араб аймағындағы саяси наразылықтар я араб ұлтшылдығына, я саяси исламшылдыққа әкеледі. АҚШ өзінің, түрлі әскери және «операцияларының» нәтижесінде Таяу Шығыстағы беделінен толық айырылды деуге болады. Кейбір

антиамерикалық мамандар араб көтерілістерінің астарында АҚШ-тың жымсық саясатының іздерін көргісі келеді. Анығы сол, Либияға әскери араласу саясаты АҚШ-тан бастау алды. АҚШ-тың қазіргі мақсаты – араб елдерінің билік басына кім келсе де сонымен жедел келіссөз жасау, өз ырқына көндіру. Араб елдерінде билік басына ұлтшыл яки діншіл топтардың келуі әрі АҚШ-тың геосаяси мүдделеріне, әрі Еуропаның экономикалық мүддесіне кереғар болғандықтан, екі жақ та мұндай жағдайдың қалыптасуына кедергі жасары сөзсіз. Бір жағынан алғанда Еуропа үшін араб елдерінде әлеуметтік, саяси, қоғамдық және экономикалық тұрақтылықтың болғаны тиімді. Себебі олай болмаған жағдайда Еуропада миграция, террор және тағы басқа мәселелер туындайды.

Ресейге келсек, Таяу Шығыстағы қоғамы өзгерістерге жақыннан араласқысы келмейді, оқиғалардың эволюциялық жолмен, бірте-бірте өрбігенін қалайды. Ресей, бір жағынан, араб аймағының толығымен Еуро-Атлантикалық күштердің қолына өтуінен сескенеді.

Израильге келсек, ол да Түркия сияқты аймақтағы оқиғаларды жіті назарда ұстап отыр. Израильдің көзқарасы бір елден екінші елге қарай өзгеріп отырады. Мысалы, Мысырдағы Хосни Мубарактың биліктен аластатылуы Израильдің мүддесіне сай емес болса, Сирияда Башар Асадтың биліктен қуылуы Тель-Авивті қуантар нәтиже болар еді. Десек те, Израильдің араб төңкерістерінен сескенетіні де жасырын емес. Саяси ислам немесе араб ұлтшылдығы Израильге қауіп төндіруі мүмкін. Сол себепті де, Израиль Араб төңкерістерінің Батыс тарапынан қадағалануын жақтайды.

Түркияға қайта оралсақ, қырғи-қабақ соғысы жылдарында түрік елі Таяу Шығысқа тек қауіпсіздік мәселелерінде ғана араласса, қазір аймақтық көшбасшы болудан дәмелі екенін ешкімнен жасырмайды. Әсіресе, Палестинаға жасаған моральдық қолдауы, Израильді ашық сынауы, Таяу Шығыстағы саяси-қоғамы мәселелерді шешуге құлықтылығы, Батыс тарапынан қыспаққа алынған Иранмен екіжақты қатынастарды жаңалауы Түркияның Таяу Шығыс мемлекеттері мен халықтарының алдындағы жағымды имиджін қалыптастырды. Яғни, түрік премьер-министрі араб халқының көтерілістері мен ұмтылыстарын қолдайтынын әлемге жария етті.

Осы себепті, Түркия Либияға НАТО әскерінің енгізілуін қолдап, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 1970 жылғы Қарарына сай «бақылау мақсатында» б әскери ұшақ пен 7 кеме жібергені рас.

Түркияның да, АҚШ-пен ЕО-ның араб аймағын өзгертуге байланысты ұстанымы бір нүктеге түйісетін сияқты. Түркия жаңа сыртқы саясаты шеңберінде Таяу Шығысты үлкен өзгерістердің басы ретінде, өзінің аймақтағы тарихи беделін қайта қалпына келтірудің мүмкіндігі ретінде көреді және келешекте аймақтың тұрақты дамуына шынайы сенеді. Түркияның алдағы жоспары осы ұстанымынан бастартпай, Еуро-Атлантикалық күштердің шектен тыс талаптарын тепе-теңдікте ұстап тұруға мәжбүр. Демек, Түркияны күрделі да жауапты кезең күтіп тұр деген сөз.

Таяу Шығыстағы «Араб көктемі» деген атпен белгілі саяси құбылыс әлі толық аяқталған жоқ. Оның нәтижелері мен салдарларын білу үшін біраз уақыт керек. Түркия тарихи және мәдени факторлардың, бүгінге дейін жүргізіп келген ұстамды саясатының арқасында Таяу Шығыс аймағындағы көшбасшылық ықпалын жүргізе береді.

1. Arab Baharı ve Türkiye. 12/06/11. www.haberturk.com / arab-bahari-ve-turkiye-154575h.htm

2. Arab dünyasının değişimi ve Türkiye. 06/07/11. www.turksam.org/tr/a2396.html

3. Arab olaylarının anatomisi. 04/05/11. www.orsam.com.tr / org.tr. 55874h.html

4. Ortadoğudaki devrim dalgasının analizi. 16/08/11. www.aktifhaber.com/ortadogudaki-devrim-dalgasinin-analizi-416409h.htm

\* \* \*

В данной статье автор рассматривает важность и актуальность политических изменений в странах Ближнего Востока и Северной Африки с точки зрения турецких аналитиков. Автор статьи анализируются причины политических событий, которые имели или имеют место в арабских странах, также освещается вопрос о роли Турции в этих событиях. Кроме того, детально исследуются основные факторы, которые привели к «Арабской весне», или «Арабской революции».

\* \* \*

In this article importance of the political changes in the countries of Middle East and North Africa from the point of view of Turkish analysts is considered. Author of the article researches the reasons of the political events which took place or even is taking place in arab countries and the role of Turkey in this context. Besides the main factors, which led to Arab Spring or Arab Unrests are analyzed in depth.

*К. Н. Макашева*

## ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазіргі әлем жаһандану кезеңі – адамзаттың ақпарат пен коммуникацияның біртұтас кеңістікке жан-жақты бірігу кезеңі, бүкіл ғаламның біртұтас экономикалық нарыққа айналу кезеңі. Бүгінгі таңда елдің бәсекеге қабілеттілігі – ғаламдық экономика мен саясатты дамытудың ең маңызды факторларының бірі. Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші халық өмірінің жоғарғы деңгейі мен сапасы. Білім берудің деңгейіне, адами капиталды дамытуға, атқарушылық сапасына айрықша орын беріледі. Ерекше назар аударуды талап ететін негізгі міндеттер ЖОО-дағы білім сапасы, «бірыңғай білім беру кеңістігін» және біртұтас білім беру стандарттарын қалыптастыру мәселелері болып табылады. Бұл міндеттерді шешу мүмкіндігі – білім берудің интеграциялық шеңберінде.

1999 жылдың маусымында отыз еуропалық мемлекеттің білім министрлері Болон декларациясына қол қойды. Оның мақсаты – жоғары білім берудің еуропалық аумағын құру, сонымен қатар

жоғары білім берудің еуропалық жүйесін әлемдік масштабта белсендендіре түсу. Қабылданған Декларацияның негізгі мазмұны еуропалық үрдіс кейінгі жылдардағы табысқа жетуі нәтижесінде біршама нақты сипатқа ие болып, ЕО құрамына кіретін елдердің шынайылығына, азаматтарының сұраныстарына толық жауап беретіндігі туралы.

Болон үрдісін қалыптастыруға түрткі болған негізгі ішкі себеп – білімге негізделген қоғамды құру, білім беру жүйесіндегі түбірлі реформалар қажеттілігімен ұштасатын жаппай білім беруге өту.

Түрткі болған негізгі сыртқы себеп: білім беру бизнестің басты саласына айналу; қазіргі уақытта Еуропа елдері осы саладағы солтүстік америкалық қауіпке ұшырап, АҚШ пен Канада студенттер контингентінің біраз бөлігін өздеріне қайта бөлуде, оған Еуропа біртұтас күйде ғана жауап бере алады.

Болондық кездесуге қатысушылар өздеріне қысқа мерзім ішінде (соңғы мерзім – үшінші мыңжылдықтың бірінші онжылдығының соңына дейін)